

Қазақстан Республикасы экология және  
табиғи ресурстар министрлігі



«Қазгидромет» РМК

**02.07.2026 ж. №42 бюллетенге түзету**

**2026 ж. «03» маусым күніне арналған**

**Қазақстан Республикасының таулы аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел  
қауіптілігінің күнделікті бюллетені**

**(бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2026 жылғы 02 шілде сағат 22:00-ден 03 шілде сағат 20:00-ге дейін)**

***құрастырылған күні: 02.07.2026 ж.***

Мекен жайы: Алматы қ., Абай д., 32  
Астана қ., Мәңгілік ел д., 11/1

Сел үдерістерін зерттеу және  
селді болжау басқармасының  
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Кальменова А.  
/Кисебаев Д.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2026 жылғы «03» шілде

## Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру





Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Қар жамылғысы 3800 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 4435 м биіктікте болды. Орташа тәуліктік ауа температурасы 3,3-4,9 °С өсті, биік таулы аймағында – 2,6 °С. Орта таулы аймағында топырақ ылғалдануы жоғары. Жаңбыр, кей уақыттарда қатты және өте қатты жаңбыр (1-40 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. <b>Іле Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b>
	Күнгей Алатауы	Қар жамылғысы 4200 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (29 маусым жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 2,5 °С өсті. Жаңбыр, кей уақыттарда қатты және өте қатты жаңбыр (1-40 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. <b>Күнгей Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b>
Жетісу	Жетісу Алатауы	Жетісу Алатауының батыс бөлігінде қар жамылғысы 3800 метрге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда, солтүстік бөлігінде – 3900 метрге жуық және одан жоғары, солтүстік-шығыс бөлігінде – 3800 метрге жуық және одан жоғары, ал оңтүстік бөлігінде – 3900 метрге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда (29 маусым жағдайында). Жетісу Алатауының солтүстік-батыс бөлігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 1,7 °С өсті; батыс бөлігінде – 3,0 °С. Жаңбыр, таңертең және күндіз кей уақыттарда қатты және өте қатты жаңбыр (1-30 мм), найзағай, күндіз бұршақ. <b>Жетісу Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b>

*Бюллетеньді құрастыру кезінде «Қазгидромет» РМК бөлімшелерінің деректері мен ақпараттары, Жер туралы ғылымдар орталығы (GFZ) Потсдам, Германия ұсынған MODSNOW құралы пайдаланылады*

**Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)**

**!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)**

## Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	<p>Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері <math>\geq 30</math> мм (өте қатты жаңбыр) немесе нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері <math>\geq 40</math> мм</p>	<p>Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп</p>	<p>Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)</p>	<p>Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп</p>	<p>Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)</p>	<p>Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп</p>	<p>Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.</p>
	<p>Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.</p>	<p>Қауіптілік жоқ</p>	<p>Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>

## **Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері**

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

### **Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері**

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

### **Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері**

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2026 жылғы «03» шілде  
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Жаңбыр, кей уақыттарда қатты және өте қатты жаңбыр (1-40 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Батыстан жел соғады, күші 9-14, екпіні 15-20, кей уақытта 23-28 м/с. <b>2000 м:</b> Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 13-18 градус жылы. <b>3000 м:</b> Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 8-13 градус жылы.
Күнгей Алатау	Жаңбыр, кей уақыттарда қатты және өте қатты жаңбыр (1-40 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Батыстан жел соғады, күші 9-14, екпіні 15-20, кей уақытта 23-28 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 13-18 градус жылы.
Теріскей Алатау	Кей уақытта жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Батыстан жел соғады, күші 9-14, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 16-21 градус жылы.
Жетісу Алатау	Жаңбыр, таңертең және күндіз кей уақыттарда қатты және өте қатты жаңбыр (1-30 мм). Найзағай, күндіз бұршақ. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, екпіні 15-20 м/с. <b>2000 м:</b> Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 15-20 градус жылы. <b>3000 м:</b> Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 11-16 градус жылы.